

## Тимирязев ауданы бойынша көшпелі сауда орындарын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 шілдедегі N 137 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 4 тамызда N 13-12-112 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 наурыздағы N 65 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 03.03.2016 N 65 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына және 1-тармағының 4) тармақшасына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңының 8, 27-баптарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 қаулысымен бекітілген, ішкі сауда Ережесінің 120-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тимирязев ауданының елді мекен пункттерінде көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін қосымшаға сәйкес орындарын белгілеу.

2. Селолық округі әкімдеріне сауда орындарына бөлінген аумақтарды көркейту бойынша жұмыстарды жүргізу.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары И.В. Циммерманға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Қ. Қасенов*

Аудан әкімдігінің  
2010 жылғы 20 шілдедегі  
№ 137 қаулысына қосымша

## Тимирязев ауданының елді мекендеріндегі сауда орындарының тізімі

1. Ақсуат селосындағы "Ирина" дүкені қоршауының бойындағы аумақ, Целинная көшесі;

2. Ақжан селосындағы "Солтүстік Байлық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орталық конторына қарама-қарсысындағы асфальт төселген алаң,

Мир көшесі;

3. Приозерное селосындағы фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң жанындағы аумақ, Центральная көшесі;
4. Белоградовка селосындағы "Елена" дүкенiнiң оң жағы, Школьная көшесі;
5. Ақсу селосындағы Суворов Александр Николаевичтiң қоршауының жанындағы аумақ, Целинная көшесі;
6. Дзержинское селосындағы "Салтанат" дүкенiнiң жанындағы аумақ, Ақсуат көшесі № 24;
7. Докучаев селосындағы "Надежда" дүкенi қоршауының бойындағы Школьная көшесі;
8. Северное селосындағы мектеп аумағының кiре берiсiндегi қоршау жаны, Лесная көшесі;
9. Дмитриевка селосындағы аспаздық цехы ғимаратымен және "Асем" дүкенi арасындағы алаң, Торговая көшесі;
10. Ынтымақ селосындағы жеке кәсiпкер Ж.С. Қасеновтiң дүкенi мен фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң қоршауының бойы, Центральная көшесі;
11. Жарқын селосындағы жеке кәсiпкер А.К.Шаяхметовтiң дүкенiнiң аумағы, Басты көшесі;
12. Дружба селосындағы стадион алаңына кiре берiсте асфальт төселген алаң, Мир көшесі;
13. Комсомольский селосындағы "Продукты" дүкенiнiң жанындағы аумақ, Комсомольская көшесі;
14. Мичуринский селосындағы "Мичуринское" жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгiнiң орталық конторына қарама - қарсы, Жамбыл көшесі;
15. Москворецкое селосындағы "Москворецкое" жауапкершiлiгi шектеулi серкiстесiк орталық конторы және "Ольга" дүкенiнiң алдындағы асфальт төселген алаң, Центральная көшесі;
16. Степной селосындағы "Қазпошта" акционерлiк қоғамы пошталық бөлiмшесiнiң алдындағы аумақ, Студенческая көшесі;
17. Ракитное селосындағы бұрынғы бастауыш мектеп ғимаратының жанында, Юбилейная көшесі;
18. Хмельницкий селосындағы "Сағат СҚ" жауапкершiлiгi шектеулiгi серiктестiгiнiң сауда орталығы және селолық клубының арасынан өтетiн жер, Калинин көшесі;
19. Есiл ауылындағы "Богви" жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгi асхана ғимаратының алдында, Киров көшесі;
20. Нарынгүл селосындағы Ширяев Дмитрий Ивановичтiң қоршауының жанындағы аумақ, Озерная көшесі;
21. Ленинское селосындағы ескi контордың алдындағы асфальт төселген алаң

, Комсомольская көшесі;

22. Целинное селосындағы "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесінің алдындағы аумақ, Бауманская көшесі;

23. Тимирязев селосындағы базардағы жеке кәсіпкерлер Л.В. Саркисян мен Е.А. Дьяконованың аумағының арасындағы асфальт төселген алаң;

24. Рассвет селосындағы - медициналық пунктіне іргелес аумағы, Урожайная көшесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК